6D030100, 8D04203 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Белхожаева Динара Жомартовнаның «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы оқытушылардың еңбегін құқықтық реттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыс қазіргі еңбек құқығының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі, жоғары білім беру ұйымдары оқытушыларының еңбегін құқықтық реттеу ерекшелігіне, яғни профессор-оқытушылар құрамының еңбегіне қатысты заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің, сот тәжірибесі мен доктринаның ережелерін талдап, оны құқықтық реттеудегі олқылықтарды анықтауға арналған.

Себебі, жұмыс беруші жоғары білім беру ұйымы мен профессор-оқытушылар құрамы арасындағы еңбек қатынастарының сипатының өзгеруі, оның ішінде жұмыстың күрделілігі мен қарқындылығының артуына байланысты, әрине, еңбекті құқықтық реттеуді, еңбегіне ақы төлеуді және педагог қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғауды жетілдіру қажеттілігінен туындайды.

Осы диссертация тақырыбын ғылыми зерттеулермен салыстырмалы талдау кезінде, алдымен, Қазақстанның жоғары білім беру ұйымдары оқытушыларының ерекше мәртебесін нақтылайтын құқықтық модельдің жоқтығы, жоғары мектеп оқытушыларының ерекше мәртебесіне, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамға жататын педагогтердің қызметі мен еңбегін реттеудің ерекшелігіне арналған кешенді зерттеулердің болмауы зерттеу тақырыбының өзектілігін білдіреді.

Жұмыс кіріспе мен қорытындымен қатар, қолданыстағы білім және еңбек заңнамаларына сәйкес және жоғары оқу орындарының кадр саясатын ескере отырып, жоғары білім беру ұйымдары оқытушыларының еңбек қатынастарын құқықтық реттеу, жоғары білім беру ұйымдары оқытушыларының құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының Білім туралы заңын, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін қолдану тәжірибесі негізінде профессор-оқытушылар құрамды жұмысқа қабылдау, ауыстыру және шығарумен байланысты өзекті мәселелері, олармен еңбек шартын жасасу және өзгерту, бұзу рәсімдері, осы санаттағы қызметкерлердің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын реттеу, еңбекті нормалауды бөлуді және олардың еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымындағы еңбек тәртібі және оны қамтамасыз ету мәселелерін жан-жақты зерделеуге арналған үш тарауды қамтиды. Жұмыстың соңында қорытындылар жасалды, онда қызметкерлердің осы санатындағы еңбегін реттеуде орын алған даулы мәселелердің шешу жолдарын көрсетеді.

Ғылыми еңбектің құндылығы: мемлекеттік тілде зерттеу жасалып, оның ішінде халықаралық рецензияланатын импакт-факторы бар журналдарда

басылған шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылып оларға сілтеме жасалған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы оқытушылардың еңбегін құқықтық реттеу саласындағы мемлекеттік тілде ғылыми жұмыстардың жоқтығын ескере отырып, автор тұжырымдайтын теориялық, ғылыми нәтижелер заңнаманы жетілдірудің теориялық негіздемесі ретінде кеңінен пайдалануға болатын, осы салада ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз бола алатын алғашқы аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертация жоғары деңгейде орындалған және жақсы ойластырылған, зерттелетін тақырыптары бойынша жаңашылдығымен, теориялық және тәжірибелік маңыздылығымен жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Автор тақырыптың негізгі аспектілерін мақсаттар мен міндеттер шеңберіне аудара отырып, жұмысты орындау барысында оған қол жеткізген.

Жұмыс логикалық және дәйекті құрылымға ие, бұл жеткілікті дәрежеде жоғары мектеп оқытушыларының еңбегін реттеу ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Жұмыс жазылуының теориялық деңгейі, тілі және жазу дағдылары, толықтығы, нақтылығы, бөлімдердің логикалық тұрғыдағы байланысы жұмыстың жоғары деңгейде жазылғанын білдіреді және зерттелу дейгейі жаңа құнды материалдармен толыққаны, жеке тұжырымдарының маңыздылығы автордың ғылыми жұмысты орындаудағы артықшылығы деп көрсетуге толық болады.

Таңдаған тақырыбы шеңберінде зерттеулерді ұтымды жүргізе отырып, жаңа теориялық ережелер әзірлеп, оларды негіздеп тұжырымдай білді. Нақты педагогикалық жүктемені нормалау, жұмыс уақытын пысықтау және есепке алу мәселелері бойынша Еңбек кодексі, министрлік деңгейінде тиісті құқықтық реттеудің болмауы жұмыс берушілерді өз еңбектерін жергілікті тәртіппен реттеуге итермелейді. Зерттеу нәтижесінде университеттің ішкі еңбек тәртібі ережелерінде профессор-оқытушылар құрамының жұмыс уақытын, еңбекті нормалауды және еңбекке ақы төлеуді жетілдіруге нақты ұсыныстар беріледі. Ең бастысы, Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы оқытушылар мәртебесі туралы заң жобасын қабылдауды ұсынады және жобасы даярланды. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы оны жүргізу барысында алынған нәтижелер тиісті жоғары мектеп профессор-оқытушылар құрамының еңбегін құқықтық реттеу аясындағы стратегиялық маңызы бар құжаттар мазмұнының сипаттамасы болып табылады.

Осыған орай, ізденушінің диссертациялық жұмысы отандық еңбек құқығы ғылымын дамытудағы, білім және еңбек заңнамаларын жетілдіру аясындағы тұңғыш кешенді жаңашыл теориялық-тәжірибелік туынды болып табылады. Құқық кафедрасының докторанты бола жүре Д.Ж. Белхожаева өзі таңдаған зерттеу тақырыбына деген қызығушылығы, еңбексүйгіштігі, жауапкершілігі, ізденісімен тәнті етіп, педагогикалық шеберлігін, ғылым жолында идеялары тың екендігін көрсете алды.

Қорыта келе, Д.Ж. Белхожаеваның «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы оқытушылардың еңбегін құқықтық реттеу»

тақырыбындағы диссертациялық жұмысы белгіленген талаптарға сәйкес жоғары деңгейде жазылған және де сапалы орындалған ғылыми жұмыс ретінде бағаланады, диссертациялық жұмысты 6D030100, 8D04203 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жария қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін және рұқсат етемін.

Отандық ғылыми кеңесші:
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті»
КеАК-ның Басқарма Торағасы – Ректоры,
заң ғылымдарының докторы,
профессор **Е.А. Бурибаев**

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ БӨЛІМІ

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ БӨЛІМІ
Қолы Бурибаев
РАСТАЙМЫН

«27» 09 2024 ж.